

НҰРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№81 (3346), сәрсенбі,
8 октябрь, 2025 жыл

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫ АЙТЫЛДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Өзербайжан Республикасы Президенті Илхам Алиевтың шақыруына орай
6-7 октябрь күндері іс жүзіндік сапармен сол мемлекетте болды.



Президент Шавкат Мирзияев 7 октябрь күні Түркі мемлекеттері ұйымы Мемлекет басшылары кеңесінің Габала қаласында өткен кезектегі жиналысына қатысты.

Өзербайжан Республикасының Президенті Илхам Алиевтың төрағалығымен өткен шараға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Эрдоған, Түркіменстан халқының ұлттық жетекшісі, Түркіменстан Халық Мәслихатының Төрағасы Гурбангули Берdimухамедов, Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі мемлекеттері ұйымы бас хатшысы Кубаничбек Омуралиев және басқа да ресми тұлғалар қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес, ұйым аясындағы көпқырлы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен болашағы туралы пікір алмасып, практикалық серіктестіктің өзекті мәселелері талқыланды.

Сөзінің басында мемлекетіміз басшысы ежелден Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда және мәдени орталықтарының бірі болған Габала қаласында өткен кезектегі жиналысына қатысты.

— Сіздің тікелей бастамаңызбен соңғы жылдары қазіргі Өзербайжанның көптеген аймақтарында болдық. Таулы Қарабақтың гүлденуіне, Шуша, Ханкенді, Ағдам қалаларындағы орасан жасампаздық істерге куә болдық. Әрине, сіздердің жақын достарыңыз ретінде бұл оң үдерістер бізді қатты қуантады, — деді мемлекетіміз басшысы.

Өзербайжан мен Армения арасында қол қойылған Бейбітшілік декларациясы ұйым елдерінің сауда-экономикалық, көлік және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығына кең мүмкіндіктер ашатыны ерекше атап өтілді.

Сондай-ақ мемлекетіміз басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа ТМҰ-ға нәтижелі төрағалығы және ынтымақтастықты жаңа деңгейге шығаруға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

Саммит күн тәртібіне тоқталған Өзбекстан басшысы қазіргі халықаралық жағдайға қысқаша сипаттама берді.

Бұл кездесу әлемде және аймақта күрделі геосаяси өзгерістер мен қауіпсіздікке қатерлер күшейген жағдайда өтіп жатқаны айтылды.

— Жақында Нью-Йорк қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында әлем көшбасшыларының сөйлеген сөздері мен көзқарастары заманауи әлемнің саяси және қауіпсіздік архитектурасына қатысты біртұтас ұстанымның жоқтығын тағы бір мәрте көрсетті, — деді мемлекетіміз басшысы.

Осы тұрғыдан алғанда жаһандық басқару жүйесін терең реформалау мен жетілдіру, БҰҰ мен Қауіпсіздік Кеңесінің ролін арттыру, сондай-ақ халықаралық істерде дамушы елдердің даусын күшейту қажеттігі тағы да баса айтылды.

Еуразия құрлығында ұшығып бара жатқан қақтығыстар мен соғыстардың бітпейтіні Ұйым елдеріне кері әсерін тигізетіні атап өтілді. Газа

секторындағы қайғылы оқиға, Украина төңірегіндегі жағдай, Иранның ядролық бағдарламасы мәселесі, Ауғанстандағы тұрақтылық мәселелері қатты алаңдатады.

Өзбекстан басшысы әлемнің қуатты мемлекеттерінің әділетті әлемдік тәртіпті қалыптастыруға, өзара сенім мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылысы мен жана жоспарларын құптады.

Жаһандық жағдайды терең талдау және қажетті шешімдер қабылдау мақсатында ТМД елдерінің сыртқы істер және арнайы қызметтері басшыларының бірлескен жиналыстарын өткізіп, келесі жылы осындай форматтағы алғашқы кездесуді Самарқанд қаласында ұйымдастыру ұсынылды.

Өзбекстан басшысы қысқа мерзімде қарқынды дамып келе жатқан ықпалды халықаралық құрылымдардың біріне айналған Түркі мемлекеттері ұйымының ролі мен маңызы артып келе жатқанын атап өтті. Бұған жоғары деңгейдегі саяси диалогтың кеңеюі, өзара сенімнің нығаюы, бірлескен жобалар мен гуманитарлық

бағдарламалардың белсенді жүзеге асырылуы дәлел.

Бүгінде түркітілдес елдер арасында 35-тен астам бағыт бойынша практикалық ынтымақтастық жүзеге асырылуда. Өзара сауда көлемі тұрақты өсіп келеді және 2030 жылға қарай екі есе өседі деп күтілуде.

Мемлекетіміз басшысы өз сөзінің негізгі бөлігінде практикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтудің нақты мәселелеріне тоқталды.

Ұйымның беделі мен әлеуетін арттыру, оның жақын болашақта тиімді ынтымақтастық алаңы ретіндегі ролін күшейту бірінші кезектегі міндет екені баса айтылды.

— Осы орайда біз Түркі мемлекеттері арасындағы стратегиялық серіктестік, мәңгілік достық және туысқандық туралы келісімді ертерек келісіп, қабылдауды қолдаймыз. Әрине, бұл маңызды келісім ынтымақтастығымызды дамытудың басты саяси құжаты ретінде бауырлас халықтарымызды одан әрі жақындастыруға және практикалық байланыстарды жаңа деңгейге шығаруға

берік негіз болады, — деді мемлекетіміз басшысы.

Көпқырлы серіктестікті кеңейту және жандандыру мақсатында Түркі мемлекеттері ұйымының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын және оны жүзеге асырудың жеке “жол картасын” әзірлеу ұсынылды. Бұл құжаттарда мынадай нақты бағыттар мен шаралар көрініс табуы тиіс екені айтылды.

Біріншіден, сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және өндірістік кооперацияны тереңдету.

Өзбекстан Президенті ТМҰ аясында сауда, бизнес және өзара инвестициялар үшін барынша қолайлы жағдайларды, құқықтық базаны және инфрақұрылымды құруды көздейтін жақын арадағы жана экономикалық мүмкіндіктер кеңістігін қалыптастырудың маңыздылығын тағы да атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте.)

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреттері.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті делегация басшылары!

Мен сіздермен, қымбатты бауырларым, ежелден Ұлы Жібек жолының маңызды сауда және мәдени орталықтарының бірі болған Габала қаласында кездескеніме өте қуаныштымын.

Ең алдымен, Өзербайжан Республикасының Президенті құрметті Илхам Гейдарович Алиевке саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және дәстүрлі де шынайы қонақжайлылығы үшін алғысымды білдіргім келеді.

Сіздің тікелей бастамаңызбен біз соңғы жылдары заманалық Өзербайжанның көптеген аймақтарында болдық. Көркем Қарабақтың гүлденуіне, Шуша, Ханкенді, Ағдам қалаларындағы үлкен құрылыс жұмыстарының куәсі болдық. Әрине, сіздің жақын достарыңыз ретінде бұл оң үдерістер бізді қатты қуантады.

Сіздің күшті саяси ерік-жігеріңіздің арқасында Армениямен қол қойылған Бейбітшілік декларациясы да түркі мемлекеттерінің ортақ жеңісі десек, артық айтқандық емес. Бұл тарихи келісім елдеріміз үшін сауда-экономикалық, көлік және гуманитарлық ынтымақтастық салаларында кең мүмкіндіктер ашады.

Құрметті әріптестер!

Жыл бойы Ұйымымызға нәтижелі төрағалық еткені және ынтымақтастығымызды жаңа деңгейге көтеруге лайықты үлес қосқаны үшін Қырғыз Республикасының Президенті, құрметті Садыр Нұрғожоевич Жапаров Мырзаға алғыс білдіргім келеді.

Бүгінгі “Аймақтық бейбітшілік пен қауіпсіздік” тақырыбындағы кездесуіміз әлемдегі күрделі геосаяси өзгерістер мен қауіпсіздікке қауіп төнген жағдайда өтуде. Қазір сөз сөйлеген әріптестерім осы мәселелер бойынша өз пікірлерін, ұсыныстарын айтты.

Жақында Нью-Йорк қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында әлем көшбасшыларының сөйлеген сөздері мен көзқарастары қазіргі әлемнің саяси және қауіпсіздік архитектурасына қатысты біртұтас ұстанымның жоқтығын тағы бір мәрте көрсетті.

Дәуірдің өзі бізден жаһандық басқару жүйесін терең реформалауды және жетілдіруді, БҰҰ мен оның Қауіпсіздік Кеңесінің ролін арттыруды талап етеді. Атап айтқанда, дамушы елдердің ұстанымы мен даусын нығайтудағы тығыз ынтымақтастықты күшейту маңызды міндет.

Әлемдегі ең ауыр проблемалар, Еуразия аймағында өршіп бара жатқан және бітпейтін қақтығыстар мен соғыстар,

әріне, біздің елдерге кері әсерін тигізуде.

Газа секторындағы қайғылы оқиға, Украина төңірегіндегі жағдай, Иранның ядролық бағдарламасы мәселесі, Ауғанстанның тұрақтылық мәселелері біздің қатты алаңдатып отыр.

Біз әлемнің қуатты мемлекеттерінің әділетті әлемдік тәртіпті қалыптастыруға, өзара сенім мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылысы мен жана жоспарларын құптаймыз.

Жаһандық жағдайды терең талдап, қажетті шешімдер қабылдау үшін Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің сыртқы істер министрлері мен арнайы қызметтері басшыларының жүйелі түрде бірлескен жиналыстарын өткізуді заман талабы деп есептеймін. Бірінші бірлескен отырысты келесі жылы Самарқандта өткізуді ұсынып отырмыз.

Құрметті делегация басшылары!

Талдау көрсеткендей, Түркі мемлекеттері ұйымы аз уақыт ішінде қарқынды дамып келе жатқан ең ықпалды халықаралық құрылымдардың біріне айналды. Бұл, ең алдымен, елдеріміз арасындағы жоғары деңгейдегі саяси диалогтардың жандануы, өзара сенімнің нығаюы, тәжірибелік серіктестік жобалары мен гуманитар-

лық бағдарламалардың белсенді жүзеге асуын анық дәлелдейді.

Мен бір ғана мысал келтіргім келеді. Бүгінгі таңда біздің Ұйым аясында отыз бестен астам бағыт бойынша практикалық ынтымақтастық жүргізілуде. Біздің Елдеріміз арасындағы өзара сауда көлемі тұрақты өсуде және бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай екі есе өседі деп күтілуде.

Күн тәртібін негізге ала отырып, бірқатар мәселелерге жеке-жеке тоқталғым келеді.

Құрылымымыздың мәртебесі мен әлеуетін одан әрі арттыру, оның жақын болашақта тиімді ынтымақтастық алаңы ретіндегі ұстанымын нығайту — біз үшін бірінші кезектегі міндет.

Осы орайда біз Түркі мемлекеттері арасындағы стратегиялық серіктестік, мәңгілік достық және бауырластық туралы шарттың тез арада келісіліп, қабылданып жатқандығын атап өтті.

Әрине, бұл маңызды келісім ынтымақтастығымызды дамытудың басты саяси құжаты ретінде бауырлас халықтарымызды одан әрі жақындастыруға және практикалық байланыстарды жаңа деңгейге шығаруға берік негіз болады.

(Жалғасы 2-бетте.)

ӨЗБЕКСТАН МЕН РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

7 октябрь күні Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекетіміз басшысы Ресей басшысын туған күнімен шын жүректен құттықтап, оған зор денсаулық, бақыт пен табыс, ал достас орыс халқына даму тіледі.

Жоғары деңгейдегі келісімдерді жүзеге асыру шеңберінде Өзбекстан — Ресей жан-жақты стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі дамыту мен нығайтудың өзекті мәселелері талқыланды.

Өзара тауар айналымы көрсеткіштерінің өсу қарқынын жалғастыруға, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы және басқа да басым салалардағы жетекші кәсіпорындар мен компаниялардың кооперациялық жобаларын ілгерілетуге, екі елдің аумақтары арасындағы іскерлік байланыстарды кеңейтуге ерекше назар аударылды.

Белсенді мәдени-гуманитарлық алмасулар жалғасып жатқаны үлкен ризашылықпен атап өтілді.

Тараптар, сондай-ақ халықаралық және аймақтық маңызы бар өзекті мәселелер бойынша пікір алмасып, алдағы іс-шаралар жоспарын талқылады.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Көпқырлы серіктестігімізді одан әрі кеңейту және жеделдету мақсатында Ұйымның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын және жеке “жол картасын” әзірлеуді ұсынамыз. Төмендегі нақты бағыттар мен шараларды қарастыруды жөн деп санаймыз.

Біріншіден, біз негізгі бағыт ретінде елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамыту мен өндірістік ынтымақтастықты тереңдетуді көреміз.

Жақын арада біз Ұйым аясында Жаңа экономикалық мүмкіндіктер кеңістігін қалыптастыруды жактаймыз. Бұл, ең алдымен, сауда, бизнес және өзара инвестиция үшін барынша қолайлы жағдайларды, құқықтық базаны және инфрақұрылымды құру туралы.

Практикалық ынтымақтастықты дәйекті түрде дамыту және нақты жобаларды, соның ішінде Түркі инвестициялық қоры аясындағы жоспарларды әзірлеу үшін Түркі мемлекеттерінің экономикалық серіктестік жөніндегі тұрақты кеңесін құрудың уақыты келді. Бұл құрылымды елдеріміз премьер-министрлерінің орынбасарлары басқарып, тұрақты негізде жұмыс істеуі маңызды. Біз кеңестің Жобалық кеңсесін Ташкентке орналастыруға дайынбыз.

Біз кеңес аясында бірқатар жаңа бастамаларды жүзеге асыра аламыз. Атап айтқанда, біз түркі мемлекеттерінің Өнеркәсіптік альянсын құрып, сол арқылы машина жасау, тау-кен өнеркәсібі, электротехника, мұнай-химия, фармацевтика, жеңіл өнеркәсіп, азық-түлік, құрылыс материалдары салаларындағы жетекші компанияларымыздың ынтымақтастық жобаларын ілгерілете

аламыз; өзара сауда көлемін және шамамен техникалық регламенттерді күрт арттыру мақсатында “Түркия жасыл дәліздері” электронды жүйесін енгізу қажет; “жасыл энергетика”, “жасыл сүтегі және аммиак” жобаларын бірлесіп іске асыру үшін “Жасыл трансформация” консорциумын құру, озық технологияларды, стандарттар мен құзыреттерді тарту, мемлекеттік және жекеменшік серіктестік механизмін кеңінен енгізу; стратегиялық минералдық базаны дамыту және қосымша құнды өнім өндіру сияқты мәселелер Кеңестің тұрақты назарында болуы тиіс.

Осыған байланысты “шикізат — өңдеу — ғылым мен техника — дайын өнім” қағидасына негізделген практикалық ынтымақтастық бағдарламасын қабылдаудың маңызы зор.

Екіншіден, елдеріміз азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін органикалық ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен жеткізуде әлемдік көшбасшы бола алады.

ФАО талдауларына сәйкес, бүгінде әлемдік базардағы органикалық өнімдердің көлемі 225 миллиард доллардан асады және болашақта бұл көрсеткіштер жыл сайын 10 пайызға өседі деп күтілуде.

Осы тұрғыда елдеріміздің әлеуетін негізге ала отырып, жоғары сапалы және сұранысқа ие органикалық өнім өндіруде ғылыми зерттеулер мен селекцияны, өндірістік кооперация мен логистикалық байланысты нығайтуымыз қажет.

Болашақта біздің органикалық өнімдер әлемдік базарға бірінші брэндпен шыға алады. Осыған байланысты бірінші “пилоттық” жобаларды іріктеу және оларды өз елдерімізде жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылығы министрлеріміздің бақылауы Са-

раптамалық жұмысшы тобын құруды ұсынып отырмыз.

Үшіншіден, түркі мемлекеттерінің көлік саласындағы байланысын нығайту және халықаралық транзиттік дәліздерді дамытуда келісілген саясат жүргізу қажеттігін бәріміз де терең түсініп отырмыз.

Орта дәлізді дәйекті дамыту бойынша жоғарыда аталған барлық жоспарларды толығымен қолдаймыз. Ең бастысы, бұл дәліз өзінің бәсекеге қабілеттілігімен ерекшеленуі керек. Ол бизнес қауымдастығы үшін барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

Осы ретте тиімді транзиттік тарифтерді қолдануға, заманауи көлік инфрақұрылымын дамытуға, цифрлық кедендік рәсімді енгізуге бағытталған жобаларға үлкен мән береміз.

Әсіресе, Орта дәліз қазір салынып жатқан Қытай — Қырғызстан — Өзбекстан теміржолымен және келешегі зор Трансауған дәлізімен байланысты болса, кең-байтақ аймағымызда көп салалы, стратегиялық магистральдық жүйенің құрылуына қол жеткіземіз.

12 ноябрь күні Ташкент қаласында өтетін халықаралық Мультимодальды тасымалдау форумы аясында көлік саласына қатысты барлық бастамаларымыз жан-жақты талқыланынына сенімдімін. Құрамында көлік министрлері, ірі логистикалық компаниялар мен қауымдастықтардың басшылары, ғалымдар мен сарапшылар бар ұлттық делегациялар бұл шараға белсенді қатысады деп сенеміз.

Төртіншіден, ірі өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобалар туралы айтқанда, тиімді қаржы құралдарын енгізу ерекше маңызға ие.

Осыған байланысты біз Түркия инвестициялық қорының қызметін кеңейтуді әріне қолдаймыз. Бұл ретте басым жобаларға қосымша қаражат тарту мақсатында Ислам даму банкімен, Еуропа тіктелу және даму банкімен, баска да халықаралық қаржы және ұлттық даму институттарымен Стратегиялық ынтымақтастық бағдарламасын қабылдауды ұсынып отырмыз.

Бесіншіден, жасанды интеллект, цифрландыру және креативті экономика салалары елдеріміздің тұрақты дамуының маңызды драйверлеріне айналуда.

Осы бағыттардағы күш-жігерімізді біріктіру үшін біз “Жасанды интеллект пен креативті экономика жобаларын іске асырудың жол картасын” қабылдауды ұсынамыз.

Бұл ретте халықаралық Түркі әлемі көрмесін елімізде өткізу туралы бастамамызды білдіреміз.

Алтыншыдан, ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастығымызды “Надандыққа қарсы — ағарту” қағидасы негізінде жана деңгейге көтеру маңызды.

2025-2026 жылдары Өзбекстан 100-ден астам оқу орнын қамтитын Түркі университеттері одағына төрағалық етеді. Келесі аптада Ташкент қаласында Одақтың Бас ассамблеясы өтеді.

Төрағалық ету барысында біз “Түркі ғылым және инновация күндерін” өткізуге бастама көтереміз.

Осы саладағы ынтымақтастықты нығайту және дарынды ғалымдардың зерттеулерін ынталандыру мақсатында Өзбекстанда Түркі мемлекеттерінің халықаралық университеті өз жұмысын бастады. Осы университеттің базасында Бірлескен зерттеулерді қолдау бағдарламасын әзірлеу орынды болар еді.

Жетіншіден, жастарымыздың арасында жат және бұзғыншы идеялардың таралуына жол бермеу мақсатында түркі мемлекеттеріндегі экстремистік және радикалды идеологияға қарсы Әрекеттер жоспарын қабылдауды ұсынамын.

Сонымен бірге, біз исламофобияның барлық көріністеріне қарсы тұру бойынша тығыз диалогты жалғастырамыз.

Бұдан тыс, Ұйымымыз аясында Жастар арасында экологиялық білім беру бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу бұл бағыттағы маңызды қадам болары сөзсіз.

Мен тағы бір мәселеге жеке тоқталғым келеді. Келесі жылы ұлы ақын әрі ойшыл Әлішер Науаидың 585 жылдығын, Өзербайжанның ұлы ақыны Низами Ганжавидің 885 жылдығы кеңінен атап өтеміз.

Адамгершілікті, өзара достық пен ынтымақтастық идеяларын, сондай-ақ осы классикалық тұлғалардың баға жетпес әдеби мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында “Низами Ганжави мен Әлішер Науаидың шығармашылығы — Түркі әлемінің рухани өмірінде” тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өткізуді ұсынып отырмыз. Құрметті делегация басшылары!

Қорытындылай келе, Ұйымымызға төрағалық етіп отырған Өзербайжан Республикасының Президенті, құрметті Илхам Гейдарович Алиевке мол табыс тілеймін.

Бүгін қамданатын Габала декларациясы бірлесіп ілгерілетіп отырған игі бастамалар мен жоспарларымызды одан әрі нығайтып, мемлекеттеріміздің ортақ дамуы мен бауырлас халықтарымыздың әл-ауқатының артуына лайықты үлес қосады деп ойлаймын.

Назар аударғандарыңыз үшін рақмет.

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫ АЙТЫЛДЫ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Іс жүзіндік ынтымақтастықты дәйекті дамыту және нақты жобаларды әзірлеу, атап айтқанда, Түркі инвестициялық қоры аясындағы жоспарларды келісу мақсатында тұрақты жұмыс істейтін Түркі мемлекеттерінің экономикалық серіктестік кеңесін құрудың маңыздылығы атап өтілді. Тұрақты негізде жұмыс істейтін бұл құрылымды Ұйым елдері Премьер-министрінің орынбасарлары басқара алады. Кеңестің Жобалық кеңсесін Ташкент қаласында орналастыру ұсынылды.

Өзбекстан басшысы атап өткендей, келесі мәселелер Кеңестің тұрақты назарында болуы керек:

- Түркі мемлекеттерінің Өнеркәсіптік альянсын құру және сол арқылы машинажасау, тау-кен өнеркәсібі, электротехника, мұнай-химия, фармацевтика, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдары өндірісі салаларындағы жетекші компаниялардың кооперация жобаларын ілгерілетуге жәрдемдесу;
- өзара сауда көлемін және шамамен техникалық регламенттерді одан әрі арттыру мақсатында “Түркі жасыл дәліздер” электронды жүйесін енгізу;
- “жасыл” энергетика, “жасыл” су-

тегі және аммиак бойынша жобаларды бірлесіп жүзеге асыру үшін “Жасыл трансформация” консорциумын құру, озық технологияларды, стандарттар мен өкілеттіктерді тарту және мемлекеттік-жекеменшік серіктестік механизмдерін кеңінен енгізу; - стратегиялық пайдалы қазбалардың шикізат базасын дамыту негізінде қосымша құны бар өнім өндіру.

Бұл ретте “шикізат — өңдеу — ғылым мен техника — дайын өнім” қағидасына негізделген практикалық ынтымақтастық бағдарламасын қабылдаудың маңыздылығы атап өтілді.

Екіншіден, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қолданыстағы әлеуетті ескере отырып, ТДК елдері органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен жеткізуде әлемдік көшбасшы бола алады.

ФАО талдауына сәйкес, бүгінде әлемдік органикалық өнімдер базарының көлемі 225 миллиард доллардан асады, ал келешекте бұл көрсеткіш жыл сайын 10 пайызға өседі деп күтілуде.

Сапалы және сұранысқа ие органикалық өнімдерді шығару үшін ғылыми зерттеулер мен селекцияны, өндірістік кооперация мен логистикалық байланысты нығайту қажет екені айтылды.

— Болашақта біздің органикалық өнімдер әлемдік базарға бірегей брэндпен шыға алады. Осыған орай, ауыл шаруашылығы министрлеріміздің бақылауымен Сараптамалық жұмысшы тобын ұйымдастырып, алғашқы “пилоттық” жобаларды таңдап алып, оларды өз елдерімізде жүзеге асыруды ұсынып отырмыз, — деді Өзбекстан басшысы.

Үшіншіден, көліктік байланыстарды нығайту және халықаралық транзиттік дәліздерді дамыту саласында келісілген саясатты жүзеге асыру.

Еліміздің басшысы Орта дәлізді дәйекті дамыту жоспарларын қолдаудың, осы бағыттын бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің және бизнес қауымдастығы үшін барынша қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті.

Осыған байланысты транзиттік тарифтерді тиімді қолдану, заманауи көлік инфрақұрылымын дамыту, цифрлық кедендік рәсімдерді енгізу үлкен маңызға ие.

Орта дәліз салынып жатқан Қытай — Қырғызстан — Өзбекстан теміржолымен және келешегі зор Трансауған дәлізімен жалғасатын болса, кең-байтақ аймақта көп салалы, стратегиялық магистралдар жүйесі құрылады.

Көлік саласындағы осы бастама-

лардың барлығын 12 ноябрь күні Ташкент қаласында өтетін Мульти-модальды тасымалдау бойынша халықаралық форум аясында жан-жақты талқылау жоспарлануда.

Төртіншіден, ірі өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін тиімді қаржы құралдарын енгізу.

Өзбекстан Президенті Түркі инвестициялық қорының қызметін кеңейту, ИДБ, ЕТДБ және баска да халықаралық және ұлттық қаржы институттарымен стратегиялық ынтымақтастық бағдарламасын қабылдау туралы бастама көтерді.

Бесіншіден, тұрақты дамудың маңызды драйверлеріне айналып отырған жасанды интеллект, цифрландыру және креативті экономиканы дамыту.

Осы бағыттардағы күш-жігерді біріктіру мақсатында жасанды интеллект пен креативті экономика салаларындағы жобаларды жүзеге асырудың “жол картасын” қабылдау ұсынылды.

Мемлекетіміз басшысы халықаралық Түркі әлемі көрмесін Өзбекстанда өткізу туралы бастама көтерді.

Алтыншыдан, ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастықты “Надандыққа қарсы — ағарту” қағидасы негізінде жана деңгейге шығару.

Еліміз 2025-2026 жылдары

Өзбекстан басшысы тағы бір маңызды мәселеге назар аударды.

— Келесі жылы біз ұлы ақын әрі ойшыл Әлішер Науаидың 585 жылдығын және Өзербайжанның ұлы ақыны Низами Ганжавидің 885 жылдығын кеңінен атап өтеміз. Адамгершілік, өзара достық пен ынтымақтастық идеяларын, сондай-ақ осы классикалық тұлғалардың баға жетпес әдеби мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында “Низами Ганжави мен Әлішер Науаидың шығармашылығы — түркі әлемінің рухани өміріндегі” тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өткізуді ұсынып отырмыз”, — деді мемлекетіміз басшысы.

Жиналыста шет мемлекеттер делегацияларының басшылары да сөз сөйледі.

Саммит соңында Ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге бағытталған бірлескен қаулылар мен құжаттар кешені қабылданды.

Осымен Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиязевтың Өзербайжанға іс жүзіндік сапары аяқталды.

Габала халықаралық әуежайында жоғары мәртебелі қонақты Өзербайжанның Президенті Илхам Алиев шығарып салды.

ӨЗА

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Бүгінгі қоғамда білім беру жүйесінің басты мақсаты – жай ғана білімді емес, шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын, жаңаша шешім қабылдай білетін тұлға тәрбиелеу. Ал мұндай тұлғаны қалыптастыратын негізгі күш — мұғалім. Сондықтан болашақ педагогтардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту — уақыт талабы, қоғам қажеттілігі.

Шығармашылық ойлау — бұл жанашыл көзқарас, өзекті мәселені стандарттан тыс шешу, жаңа идеяларды таба білу қабілеті. Егер мұғалімнің өзі ізденімпаз, креативті болса, ол шәкірттерін де дәл солай ойлауға жетелей алады. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет.

Шығармашылық ойлауды дамытудың негізгі механизмдері

Біріншіден, жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану — болашақ мұғалімнің ой-өрісін кеңейтудің тиімді жолы. Мысалы, жобалық әдіс, сынып тұрғыдан ойлауды дамыту стратегиялары, пікірталас сабақтары студенттердің еркін ойлауына, өз көзқарасын дәлелдеуге үйретеді.

Екіншіден, инновациялық орта құру — шығармашылық дамудың маңызды шарты. Университет қабырғасында ғылыми-зерттеу клубтары, шығармашылық шеберханалар, стартап жобалар орталығы сияқты алаңдар жұмыс істейтүі тиіс. Мұнда студент өз идеясын ұсынып, оны іске асыру мүмкіндігіне ие болады.

Үшіншіден, эмпатия мен рефлексияға негізделген оқу үдерісі де маңызды. Болашақ мұғалім өз әрекетін талдай отырып, жетістіктері мен кемші-

ліктерін байқайды, бұл өз кезегінде шығармашылық ізденіске итермелейді.

Педагог тұлғасының шығармашылық мәдениеті

Шығармашылық мұғалім — бұл тек жаңа идея тудырушы ғана емес, ол қоғамның интеллектуалды дамуына ықпал етуші тұлға. Ол оқушыны шабыттандырып, танымдық қызығушылығын оята біледі. Сондықтан педагогикалық білім беру бағдарламалары болашақ мұғалімнің кәсіби ғана емес, шығармашылық мәдениетін де қалыптастыруға бағытталуы керек.

Қазіргі білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті маман болу үшін болашақ мұғалім өзгеріске бейім, ізденімпаз және шығармашыл тұлға болуы тиіс. Ал мұндай қасиеттер арнайы ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісі мен инновациялық оқыту механизмдері арқылы дамиды.

Шығармашылық ойлау — болашақ мұғалімнің кәсіби табысының кепілі, ал оны дамыту — бүкіл білім беру жүйесінің стратегиялық міндеті.

Зулхумор МИРЗАЕВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университеті Биология кафедрасының оқытушысы.

Заманалық оқытушының негізгі мақсаты — оқушыларда бастамашылық және тәуелсіздік сезімін қалыптастыру, олардың әрқайсысы үшін өзінің дарыны мен қызығушылығын жүзеге шығара алатын дамытушы ортаны ашу. Сондықтан да оқытушыларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары, педагогикалық білім беру мекемелеріндегі білім мазмұнының қайта қаралуы заманалық әдістемелік қолданбаларды шығару ұсынылады.

БІЛІМ БЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ АРТУДА

Математика пәнінен алған компетенцияларының дәрежесіне қойылатын талаптар білім берудің мазмұнына сәйкес шығарылған, жалпы орта білім, орта арнаулы кәсіптік-техникалық білім беру бойынша үздіксіз болып, Халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында білім берудің мазмұны мен математикалық компетенция декриторлары (Trends in international mathematics and siene studies enter (TIMSS)) бағалау стандарттарына өзара байланысты түрде алынды, сондай-ақ олар қарапайым түсінікті етіп беріледі. Алынған білім, дағды мен біліктілік дәрежесіне қойылатын талаптарға орай, дескрипторлар: — әрбір дәрежені толық иеленуді қамтамасыз ету үшін білім берудің барлық басқыштарына оқу бағдарламалары мен оқулықты шығаруда құрастырушылардың есепке алуын — Өзбекстан Республикасында үздіксіз мәжбүрлі білім берудің барлық басқыштары

бітірушілерінің мемлекеттік аттестациясы үшін бағалау өлшемдерін шығаруда кезделеді.

Мемлекеттік стандарттардың анық оқу пәні бойынша емес, білім беру салалары бойынша шығарылуы оқу пәндерінің нұсқасын таңдау негізінде оқу-әдістемелік кешендер (бағдарлама, оқу жоспары, оқулықтарды) шығару үшін кең мүмкіндіктер ашып береді. Сондай-ақ оқу пәнаралық байланыс пен білімді сәйкестендіру қағидаты негізінде оқу пәндерінің ішкі байланыстылығы мен білімдерін сәйкестендіру қағидаты негізінде оқу пәндерінің ішкі байланыстылығы мен оқу пәнаралық байланысын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының әдістемелік-математикалық дайындығы дегенде, біз оны жалпы дүниетанымдық негізінде математиканы оқыту әдістемесі бойынша жалпы психоло-

И.БУРОНОВА, “Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру әдістемесі” кафедрасының оқытушысы.

Тәлім-тәрбие

БАЛАЛАРДЫҢ КЕЛЕШЕГІН ОЙЛАСАҢЫЗ

Бала тәрбиесі — ата-ананың ең қасиетті де ең жауапты міндеті. Өмірдің мәнін, болашақтың бағытын айқындайтын ұрпақ — бүгінгі балалар. Сондықтан олардың тек мектеп партасында ғана емес, бос уақытында да дұрыс бағыт алып, пайдалы біліммен сусындап өсуі — қоғамның да, әке-шешенің де ортақ борышы.

Мектептен тыс білім беру саласы осы тұрғыда ерекше маңызға ие. Баланың қабілетін шыңдап, талантын ұштау, қызығушылығын нақты арнаға бұруда “Баркамол авлод” балалар мектептерінің орны бөлек. Бұл мекемелер бүгінде жас жеткіншектердің нағыз шығармашылық ордасына айналып отыр.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 30 сентябрьдегі және Министрлер Кабинетінің 2021 жылғы 27 майдағы қаулылары негізінде мектептен тыс білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында бірқатар міндеттер белгіленді. Мұның басты мақсаты — жастардың бос уақытын мазмұнды өткізуіне жол ашу, олардың кылмыс пен жаман әдеттерден аулақ болуына ықпал ету, шығармашылыққа, ғылымға және спортқа бейімдеу.

Бүгінгі таңда облыс көлемінде 12 “Баркамол авлод” мектебі жұмыс істейді. Онда мәдениет пен өнер, технология, құрылыс және модельдеу, колөнер, дене шынықтыру мен спорт, туризм және экология, жоғары оқу орындарына дайындық, шет тілін үйрету сияқты жеті бағыт бойынша үйірмелер ұйымдастырылған. Бұл — жас буынға ертеңгі өміріне қажет білімді ерте бастан меңгеруге таптырмас мүмкіндік.

2025 жылдың август айындағы жағдай бойынша аталған мектептерде 267 үйірмеден құралған 616 топ-

қа 7623 оқушы тұрақты қатысып жүр. Олардың арасында 6 жасар ең кішкентай бүлдіршіндерден бастап, 18 жастағы жастар да бар. Демек, “Баркамол авлодтың” есігі барлық баланың болашағы үшін ашық.

Ең бастысы, соңғы жылдары бұл мектептердің шәкірттері тек республика көлемінде ғана емес, халықаралық ареналарда да жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Мәселен, Сейхунабад ауданындағы “Баркамол авлод” мектебінің мүшесі Мардонбек Маматкаримов Ресейде өткен “Вперед к звездам” байқауында II орынды иеленді. Сырдария облысының оқушылары республикалық ашық олимпиадада менталдық арифметикадан жүлделі орын-дарға ие болса, Темур Гасанов робототехникадан ұйымдастырылған “Болашақ инженерлері” сайысында II орынға табан тіреді. Хавос ауданынан келген Озода Файзуллаева бейнелеу өнерінен республикалық фестивалде III орынды қанжығасына байлады.

Ал Тәжікстанда өткен халықаралық олимпиадада №22 мектептің 4-сынып оқушысы Сохиба Абдушукрова мен 2-сынып оқушысы Дилнияз Абдуллаев жеңімпаз атанды. Бұл — балалардың қабілеті мен еңбегінің ғана емес, оларды жетелеген ұстаздардың да тынымсыз ізденісінің жемісі. Мәселен, Мирзаабад ауданындағы үйірме жетекшісі



Хадича Құрбанованың еңбегін шәкірттерінің жетістіктері айқын дәлелдейді.

Алайда екінішке орай, жазғы демалыс кезінде “Өзекті 90 күн” бағдарламасы аясында ұйымдастырылған іс-шараларға барлық оқушының қатыса алмай жүргені байқалады. Бірқатары егіс алқабында немесе базарда табыс табуға мәжбүр. Бұл жағдай әріне қоғамды ойландырмай қоймайды. Балалықтың орнына еңбекке жегілген бүлдіршіндердің тағдырына бейжай қарауға болмайды. Өйткені бүгінгі басты міндет — балалардың мүмкіндігін аша отырып, болашағына берік іргетас қалау.

Құрметті ата-аналар, балаларыңыздың өршіл, білімді, өнертапқыш, дарынды болғанын қаласаныздар, олардың бос уақытын босқа өткізбей, “Баркамол авлод” мектептеріне жетеленіздер. Ертеңгі елдің енсесін көтеріп, Отанымызды әлемге танытатын — дәл осы білімді де талантты жастар. Олардың болашағы үшін бүгін қамдану — ертеңгі жарқын күннің кепілі.

Айдаана МЕДЕНОВА,
“Нұрлы жолдың”
меншікті тілшісі.

Шара

НАДАНДЫҚҚА ҚАРСЫ АҒАРТУ

“Агробанк” АҚБ Жоғарышыршық ауданындағы филиалында “Надандыққа қарсы ағарту” шарасы өтті. Бұл шара Өзбекстан Халық демократиялық партиясы аудандық кеңесі, Республикалық “Руханият және білім беру орталығы” аудандық филиалы және аудандық ақпараттық кітапхана орталығының бастамасымен өткізілді.

Шараға “Агробанк” АҚ филиалында жұмыс істейтін 40-тан астам маман қатысты.

— Президент бастамасымен “Надандыққа қарсы ағарту” ұранымен білім ошақтарындағы жастар арасында ғана емес, кәсіпорындарда, ұйымдарда, мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтіндер арасында да ауқымды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу тапсырылған, — дейді Республикалық орталықтың аудандық бөлімінің басшысы, Халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты Шойра Шоимова. — Қазіргі таңда азаматтарды, жастарды адастырып, бос ойлармен уландыру әрекеттері баршамызды алаңдатып отыр. Осындай идеологиялық шабуылдардың салдарынан кейбіреулер туған жерінен, ата-анасынан қол үзіп, оларға опасыздық жасап, патриоттық сезімін жоғалтқанын, тіпті адами болмысынан айырылғанын түсінбейді. Бір сөзбен айтқанда, азаматтарымыз бен жастарымыздың рухани дүниесінде бос орын болмауы үшін олардың жүрегі мен санасында салауатты өмір салтын, ұлттық құндылықтарды кастерлеуді жастайынан қалыптастыру қажет.

Шара соңында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.

Латиф МАНСУР,
Жоғарышыршық ауданы.

Адам мүддесі үшін...

МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ – ХАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕ

Ауылдық жерлерде халықты сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету — қоғамды дамытудың маңызды бағыттарының бірі.

Қарақалпақстан Республикасы Төрткүл ауданында аталмыш бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде тағы бір қолайлылық жасалды.

Ауданның “Ақбаслы” ААЖ аумағында орналасқан 43- отбасылық емхана ұзақ уақыттан бері жергілікті халыққа медициналық қызмет көрсетіп келеді. Бірақ ауыл орталығынан 7 километр қашықтықта орналасқан 9, 10 және 11 бөлімшелерде тұратын азаматтар үшін бұл емханаға жету белгілі бір қиындықтар туғызатын.

Осы мәселені шешу мақсатында жергілікті тұрғындар жеке медициналық пункт ашу туралы өтініш жасалған еді. Бұл ұсыныс “Өзбекстан теміржолдары” акционерлік қоғамының қамқорлығымен жүзеге асырылды. №24 жалпы орта білім беретін мектептің бос тұрған бөлмелері толық жөнделіп, күндізгі емдеуге арналған жаңа махалла медициналық пункті ұйымдастырылды.

Жаңадан ашылған медициналық пунктте бір дәрігер мен үш патронаж медбикесі жұмыс істейді, — деп мәлімет береді аудан әкімдігінің Ақпарат қызметі бөлімі.

Халық тарапынан бұл бастама жоғары бағаланып, қамқоршы ұйым мен жауаптыларға шынайы алғыс білдірілді.

Махаллада медициналық пункттің құрылуы тұрғындардың денсаулығын қорғап қана қоймай, олардың өмір сүру сапасын арттыруға қызмет етеді. Мұндай практикалық қадамдар жергілікті жерлерде әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың ризашылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Экономика

ЖАҢА КӘСІПОРЫН ІСКЕ ТҮСТІ

Қарақалпақстан Республикасы Нөкіс ауданы “Қырантау” ААЖ аумағында құрылған жаңа “Эрна тех” тоқымашылық кәсіпорны жұмыс істей бастады.

Осы жоба аясында 100 жергілікті әйел тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі.

Кәсіпорын балалар мен жасөспірімдерге арналған трикотаж өнімдерін шығаруға маманданған және қысқа мерзімде жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Өнімнің сапасын арттыру және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында шетелдік мамандар тартылған.

Жобаның келесі кезеңдегі негізгі мақсаты — экспортқа өтімді өнімдер шығарып, жергілікті экономикаға үлес қосу және әйелдер үшін жаңа мүмкіндіктер жасау.

Тілеухан ШӨМЕКОВА,
“Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Болашақ

БАЛАНЫҢ РУХАНИ ДАМУЫ

Қоғамның өркениетті деңгейін анықтайтын басты көрсеткіштердің бірі — оның білім беру жүйесі. Ал сол жүйенің алғашқы баспалдағы — мектепке дейінгі тәрбие мен білім. Бұл кезең — баланың тұлғалық қалыптасуының негізі қаланатын ең маңызды сәт. Сондықтан да бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдардың сапалы қызметі мен тәрбиешілердің кәсіби дайындығы — мемлекетіміздің болашағына тікелей әсер ететін өзекті мәселе.

Қазіргі заман балабақшасы тек қарапайым күтім мен ойын орны емес, шығармашылық пен зерттеушілік орталыққа айналуы тиіс. Балаларға ақпараттық технологияларды таныстыру, медиасауаттылық элементтерін енгізу, экологиялық және ұлттық құндылықтарға баулу — тәрбиешінің басты міндетіне айналып отыр.

Мектепке дейінгі педагогикадағы басты бағыт — тұлғалық-бағдарлы тәрбие. Әр бала — жеке әлем, оның қызығушылығы мен қабілетіне сай жағдай жасау — нағыз педагог шеберлігінің көрінісі. Бүгінгі тәрбиеші тек білім беруші емес, баланың рухани дамуының серігі, ой-санасын жетілдіруші тұлға.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру саласында ата-аналармен ынтымақтастық та ерекше орын алады. “Бала тәрбиесі — баршаның ісі” деген қағида әр отбасының өмірлік ұстанымына айналуы қажет. Себебі балабақша мен отбасы бір бағытта әрекет етсе ғана, тәрбиенің нәтижесі айқын болады.

Мемлекет тарапынан **Ләззат ИЛЕСОВА,**
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушысы.

Нәтиже

ЖАҢА ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

Қазіргі уақытта мемлекеттік саясаттың басым бағыттары Жаңа Өзбекстанның 2022-2026 жылдарға арналған даму стратегиясын жүзеге асыру болып табылады. Басты мақсат — қол жеткізілген жетістіктерді бекіту, түбегейлі реформалау үдерістерін жаңа деңгейге көтеру, адам құқықтары мен мүддесін қамтамасыз ету, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға, аумақтық тұтастық пен бөлінбеушілікті, сондай-ақ ұлтаралық келісімді, діни төзімділік пен ынтымақты нығайтуға ұмтылу.

Негізгі өзгерістерге мыналар жатады: Өзбекстанды “Әлеуметтік”, “Құқықтық” және “Зайырлы” мемлекет деп жариялау, сенаторлар санын 100-ден 65-ке дейін қысқарту, Өзбекстан Республикасы Олий Маж-

лисі Заң шығару палатасына мемлекеттік бюджеттің атқаруын қадағалау және Есеп палатасының есебін қарау өкілеттерін беру, мәжбүрі балалар еңбегіне тыйым салу және бұқаралық ақпарат құралдарының

жұмысына араласу үшін жауапкершілікті белгілеу.

Соңғы жылдары “Азаматтардың репродуктивтік денсаулығын қорғау туралы”, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы”, “Әкімшілік рәсімдер туралы”, “Қоғамдық бақылау туралы”, “Мектепке дейінгі білім мен тәрбие туралы”, “Еріктілер қызметі туралы” заңдар қабылданып, мемлекет пен қоғамды, экономиканы дамытудың құқықтық негіздерін құруға бағытталған.

Қазіргі таңда елімізде қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, санитарлық-экологиялық жағдайды жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Депутаттар ағаштарды заңсыз кесу немесе зақымдау үшін айыппұлды көбейтетін заң жобасын мақұлдады.

“Өзбекстан Республикасының кейбір заң құжаттарына өзгерістер енгізу туралы” заң экологиялық жағдайды одан әрі жақсартуға бағытталған.

“Педагог мәртебесі туралы” Заңды ерекше атап өтуге болады. Бұл заң жобасы Президент Шавкат Мирзияевтың Ұстаздар мен тәлімгерлер күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде айтылған, мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесін арттыру, олардың қызметіне байланысты құқықтық, әлеуметтік және экономикалық қатынастарды реттеу, олардың кәсіби өсуіне жағдай жасау, құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Парламенттік қадағалауға жана рух әкелген “Үкімет сағаты” институты — үкімет мүшелерінің депутаттардың сауалдарына жауаптарын тыңдады. Бүгін-

нығайтуға бағытталған педагогикалық жанасуларды байыту көзделеді. Сондай-ақ сыныптан тыс, педагогикалық шаралар жоспарын жасау, оқу-тәрбие үдерісінде заманалық педагогикалық технологияларды, оның озық жетістіктерін тұрақты пайдалану, оқытушылардың ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін жолға қою, бастауыш сынып оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін арттырып отыруда заманалық тәсілдерді жүзеге шығару негіз етіп алынған.

Бүгінгі таңда бастауыш білім беру концепциясында осы жүйенің мақсат-міндеті анық белгіленіп, баланың санасындағы жасырын мүмкіндіктерді анықтау және өрбітуші мектеп жасындағы балаларда білім берудің бастапқы кезеңінен бастап, жаңа мүмкіндіктердің оқу материалын нәтижелі меңгеруге ғана емес, өмірлік мәселелерді шешуге де дайындайды. Оқушылардың үйренуге және білім алу үдерісіне деген қызығушылығын арттырады. Бұл мәселеге қатысты мынадай міндеттер бел-

Қоғамда заманалық технологияларды пайдалану білім беру жүйесінде үлкен өзгерістерді, соның ішінде міндеті, көзқарасы, түсінігі, мазмұны, дидактикасы мен оқу үдерісінің тәсілдері, мектеп жинақтары, жұмыс және оқу үдерісін бақылау, сондай-ақ оқу нәтижелері мен жұмыстың басқа нәтижелерін бағалау туындайды. Білім берудің жетістігі оның түрінде ғана емес, қолданылып жатқан әдістердің нәтижелілігіне де байланысты.

Мектеп білімі баланың тұрмыс салтын, әлеуметтік беделін, сынып ұжымы мен жаңыдағы орнын өзгертеді. Яғни

мектепке дейінгі кезеңдегі ойын қызметі оқу қызметімен ауысып, оқушыда жауапкершілік сезімін оятады. Мұнда бастауыш білімнің мазмұны оқушыны білім алуға қызығуы өзінін ой еңбегінің нәтижесіне қанағаттану сезімімен үздіксіз байланысты. Сол тұрғыдан қарағанда оқушылардың алған білімі мен дағдысын тұрақты бақылап отыру, сондай-ақ өмірде қолдана алу қабілетін қалыптастыру, дарынды оқушылардағы интеллектуалдық әлеуетті үнемі дамытуға жағдай жасау, оқушыларды үлкендермен бірге қызмет етуге қызықтыру, олардың денсаулығын қорғауға және

Тектілік тамыры — тәлімде

ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІ – ЕЛ РУХАНИЯТЫНЫҢ ДІҢГЕГІ

Бүгінгі таңда елімізде рухани жаңғыру, ұлттық құндылықтарды сақтау, ұрпақтар сабақтастығын нығайту бағытындағы жұмыстар мемлекеттік деңгейде жаңа серпінмен жүргізілуде. Президент бастамасымен қабылданған “Жаңа Өзбекстан” концепциясы – еліміздің әлеуметтік, мәдени, рухани келбетін жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам.

Осы ауқымды бағдарлама аясында отбасылық құндылықтарды дәрiптeу, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты күшейту, жастардың бойына ұлттық тәрбие мен адамгершілік негiздерiн сiңiру iсiне айрықша мән берiлуде. Бұл еліміздің болашағы-

ететін саналы ұрпақтың қалыптасуына байланысты. Мемлекет тарапынан барлық аумақтарда рухани-мәдени шаралар, тәрбиелік кездесулер, ұлттық мерекелер мен атаулы күндер аясында тағылымды басқосулар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Қария-

сат — тамырын тереңге жайған тарихы бар елімізін болашағын біліммен, тәрбиемен және рухпен байытып, ұлттың ұлы құндылықтарын ұрпақ жадында жаңғырту. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде жүзеге асырылып жатқан бұл бастамалар — ұлт болашағы үшін жасалып жатқан аса маңызды рухани инвестиция екені сөзсіз.

Осы орайда Аққорған ауданындағы №23 жалпы орта білім беретін мектепте “Қариялар апталығы” аясында “Қарияларға құрмет — жастарға өнеге” атты тағылымға толы шара өтті. Кездесудің басты мақсаты — ұрпақтар арасындағы рухани көпірді нығайту, жастарға үлкенді сыйлау мен салт-дәстүрді сүюдiн, өнегесiн ұлықтаудың мәнін ұғындыру болды.

Шараны “Нуроний” қорының аудандық бөлімі, Руханият және ағарту орталығының аудандық бөлімі, “Хамза-обод” махалласы, аудандық мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімі бірлесіп ұйымдастырды.

Басқосуға ел ішінде сыйлы, парасатты азаматтар мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Олардың қатарында Республикалық руханият және ағарту орталығының аудандық бөлім басшысы У.Ботирова, Халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты И.Масалиев, “Маърифат” насихат тобының мүшесі



Ж.Тургунбоева, сондай-ақ ақсақалдар, орта буын және жастар өкілдері болды.

Жылы жүздесу аясында отбасы құндылығы, ұлттық тәрбие, қоғамдағы ұрпақ рөлі, рухани жауапкершілік сияқты терен тақырыптар қозғалып, қарттардың өмірлік тәжірибесі — жастар үшін нақты өнеге ретінде ұсынылды.

Қариялар өз сөздерінде адал еңбек, ата-анаға құрмет, Отанға адал қызмет ету, ұлт болашағы алдындағы жауапкершілік туралы ой қозғады. Орта буын бұл мұраны жалғаушы буын ретінде жаңа-дағы тәрбие мен қоғамдағы белсенділік бойынша ой бөлісті. Ал жастар тарапынан ұлттық сана мен рухани мұраға деген құрмет пен қызығушылық байқалды.

Мұндай рухани кездесулер — ұрпақ арасындағы байланыс қана емес, тұтас бір ұлттың тәрбиелік кодын тірілтетін, сананы оятатын рухани кеңістік. Бұл — жас ұрпаққа өмірдің өзінен алынған мысал арқылы жол сілтейтін, өткеннен тағылым алып, болашаққа нық қадам жасауға мүмкіндік беретін үлкен мектеп.

Өнегелі сөз, есті әңгіме, мағыналы сұхбат — жастардың бойына кітаптан табылмайтын өмір сабағын сініреді. Уақыт алмасып, ғасырлар

жаңарғанымен, тектілік пен тәрбиеге негізделген рухани сабақтастық — ұлттың мәңгілігінің басты кепілі болып қала береді. Бір шаңырақ астында өткен бүгінгі тағылымды кездесу соның айқын дәлелі. Бұл өткеннің үнін болашаққа жеткізген, рухани өзегімізге нәр берген, әрбір ұрпақтың жүрегіне із қалдырған тарихи мәні бар жүздесу болды.

Қариялардың әрбір сөзі — шежіре, өнеге, өмір мектебі. Орта буын — сол шежіреден сусындаған алтын көпір. Ал жастар — ұлттың ертенгі тағдыры, ұрпақтың үміті. Осындай үш арнаның бір арнада тоғысуы — елдіктің, бірліктің, тұтастықтың белгісі. Өткен мен болашақтың арасын жалғайтын рухани көпір дәл осындай кездесулерден басталады.

Қоғамның ең үлкен жеңісі — жастарының жүрегіне ұлттық рух пен адами құндылықты сініре білуі. Бүгінгі кездесу — жүректен жүрекке жеткен шын ықылас пен тағылымның жемісі болды. Өйткені ұрпақтан-ұрпаққа жеткен аманат — тарихтан да қымбат. Ал сол аманатты көздің қарашығындай сақтайтын да, болашаққа табыстайтын да — бүгінгі жастар.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Мақтаныш

ТӨСБЕЛГІ ТАҚҚАН ТӘРБИЕШІ

Тамды ауданында Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігі тарапынан білім беру жүйесінде ұзақ жылдар бойы адал қызмет етіп, жас ұрпақты тәрбиелеуге лайықты үлес қосып келе жатқан бір топ педагог марапатталды.

Тамды ауданынан да “Оқытушылар және тәлімгерлер күні” қарсаңында саланың дамуына қосқан үлесі үшін лайықты жандар марапатқа ие болды. Атап айтқанда, №3 мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мекемесінің тәрбиешісі Сариева Айгүл Серікқызы “Халыққа білім беру ісінің үздігі” төсбелгісімен марапатталды.

Айгүл Серікқызы 1983 жылы Тамды ауданында дүниеге келген. Алғаш еңбек жолын 2002 жылы №6 мектепте кітапханашы болып бастаған. 2007 жылы №6 балабақша тәрбиешісі болып, сүйікті ісімен айналысады. Өз қызметі барысында мектепке дейінгі білім беру мекемесі бүлдіршіндерін аудандық, облыстық, республикалық байқау, конкурстарға дайындағаны үшін 2008-2009 жылдары аудандық халыққа білім беру бөлімінің, 2013 жылы “Ақтау” азаматтар жиынының, 2011 жылы аудан әкімінің, 2021 жылы Науаи облыстық мектепке дейінгі білім беру басқармасының алғыс хатымен, 2023 жылы Науаи облысы әкімінің мақтау қағаздарымен марапатталған. 2019 жылы “Ең үздік тәрбиеші” байқауының аудандық басқышында жүлделі I орынды иелеп, облыстық басқышта үздік тәрбиеші атанған. Жас ұрпақты өнер әлеміне жетелеп жүрген білікті тәрбиеші жыл сайын ән-күйге



әуес балалардың қатарын көбейтуде.

Қызметімен қатар отбасының бабын тауып отырған Айгүл Сариева жолдасы Бақытжан екеуі бір ұл, үш қызды тәрбиелеуде. Ұлы Айбек Науаи мемлекеттік педагогика институты тарих-құқық факультетінің, қызы Айкен осы институттың бастауыш тәлім бағыты студенттері. Қос арулары Әйгерім мен Айғаным жалпы білім беру мектебінің озат оқушылары.

Тамды ауданының әкімі О.Умаров ұстаздар және тәлімгерлерді мерекемен шын жүректен құттықтап, төсбелгі мен марапатты салтанатты түрде табыс етті.

Гүлдана ТӨРЕХАНҚЫЗЫ,
Науаи облысы,
Тамды ауданы.

Құндылық

БАБАҒА ҚҰРМЕТ – БОЛАШАҚҚА ЗОР ҮЛГІ

IX-XII ғасырларда Орталық Азия аймағында орын алған өркениет кезеңі кейіннен бүкіл әлемдегі даму үдерісіне серпін берді. Ғылым-білім, мәдениет пен руханият, соның оңды нәтижесінде қолөнер мен кәсіпкерліктің дамығанын айғақтайтын нақты дәлелдер аз емес.

Орта Азия аймағына Ислам дінінің кіріп келуі, халықтың жаппай бір дін бойынша бірігуі сол дәуір үшін керек-ақ еді. Өйткені Ислам діні қарапайым халықтың құкын қорғап, салауатты өмір салтын қалыптастыруына зор ықпалын тигізді. Осындай игі мақсат жолында еселі еңбек еткен жандардың арасында халықтың бірегей тұлғалары да аз емес. Солардың бірі Ислам әлеміне ейгілі, қазақ халқы төрт түліктің бірі, ірі қараның пірі саналған Зеңгібабаның шәкірті Ұзын Асан ата. Бүгінде халықтың ауызбірлігінің арқасында аты ұлықталып, жастарға үлгі етіп көрсетіліп, жадын мәңгіліктендіріп жатқан Ұзын Асан ата жайлы айтылар әңгіме көп.

Ескі аңыз-әңгімелерде Ұзын атаның шын аты Асан (Хасан деп те айтылады) ата деседі. Ата қонысы — Ұзын ата Тайпақ екен. Әр сөзі дуалы Асан қария Әмір Темірдің бас кеңесшілерінің бірі болса керек. Оның Әмір Темірге айтыпты деген сөзі ел аузында. Асан ата (Ұзын ата) дүниеден өткенде, байсалды кенесімен, терен оймен тәнті еткен бас кеңесшісінің қазасы қабырғасын қайыстырған Әмір Темір ол кісінің басына бір күннің ішінде кесене салдырыпты. Ұзын ата осы өңірді мекендеген халықтардың ыстық ықыласына бөленгендіктен әруақты қария, ел атасы — әулие кісі атанған. Зеңгі атадан бата алған екен деген де әңгіме бар. Көп жорықтардың бірінде осы өңірге айлап ат шалдырып, әскерін тынықтырған Сайыпқаран Асан ата туралы әңгімелерге молы-

нан қанығып, әруағына бас иіп, тағзым етіп, өзінің перзенттік парызын өтеуі ретінде бұйрық беріп, осы күмбезді салдырып кеткені жайлы деректер де жұрт жадында қалған. Әмір Темір қаламынан туған “Темір түзігі” атты кітапта: “Мен халықтың тіршілігін жақсы білдім. Зиялыларға бауырымдай, қарапайымдарға баламдай қарадым. Әрбір уәлаят пен әрбір қала тұрғындарының қам-қарекеті мен салт-дәстүріне бейімделдім”, деген жан сыры бар. Оның Түркістан топырағына бірнеше рет аяқ басып, Отырарға сан мәрте келгендігін тарих куәландырады. Сондай көптеген сапарларының бірінде Ұзын ата күмбезі бой көтеруі әбден мүмкін деп жорамалдауға болады. Өзбекстандағы жазба дереккөздерде Ұзын Асан ата жайлы мәлімет көп. Сонымен қатар халық аузында да Ұзын Асан ата туралы айтылар әңгіме аз емес. Кезінде Шарапатты Бұхара тараптан ғылым-білім іздеп төрт жеткіншек шығысқа қарай жол жүреді. Алыс жол жүрген соң шалдығып бір төбедегі жалғыз ағаштың көлеңкесіне демалу үшін тоқтайды. Сонда қырдың ортасында зікір салып отырған Зеңгібабаға көзі түседі. Зеңгібаба Ахмет Яссауидың тариқатын насихаттаушы ірі тұлға ретінде әлемге ейгілі. “Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады” деген ұстаныммен өмір сүргендіктен болар Зеңгібаба да өмір бойы өзі жасайтын жердегі халықтың малын бағып, қарапайым адамдардың қатарында күн кешіреді.



Ал әлгі төрт жеткіншек Зеңгібабаның мал баға отырып түсіріп жатқан зікірінің үстіне тап болады. Зеңгібаба зікір салғанда өрістегі ірі қарадан бастап айналадағы барлық тіршілік иесі, жабайы аң мен құс та ұйып тыңдайды екен. Дәл осы ғажайып құбылысқа тап болған төрт жеткіншек таң қалады. Сиыр жайып жүрген Зеңгібабаға әлгі төрт бала жүрген жайын айтады. Сонда Зеңгібаба “Сендерге кім пір болуы мүмкін, айтып берейін” деп төрт тараптағы ауаны терең іс-кеп, сендерге менен артық ұстаз жоқ дейді. Әлгі төрт шәкірт келіседі де Яссауи тариқатын Зеңгібабадан үйрене бастайды. Бұл төрт жігіт кейіннен ислам әлеміне аты ейгілі төрт халиф болып жетіседі. Зеңгібабаның Ұзын Асан ата, Сайд ата, Бадр ата және Садр атаның арасында алғаш көңілі ауған шәкірт Ұзын Асан ата мен Садр ата болды. Кейіннен Әзірет дәрәжесін алған Ұзын Асан ата Зеңгібабаның бірінші қас халифасы болды. Тіпті Зеңгібабаның қазасынан соң Ұзын Асан ата пірлік дәрәжесін алып ұстазының жұмысын жалғастырды деген деректер де бар.

Ал енді Ұзын Асан атаны Әмір Темірмен көп байланыстырады. Оған

нақты дәлел де жеткілікті. Тіпті Әмір Темір оның Алтын Орда мемлекетіне және ислам дінінің ішіндегі Яссауи тариқатын насихаттаудағы сiңiрген еңбегін бағалап, Ұзын Асан атаны бір уәләяттың басшысы етті деген дерек те жоқ емес. Бұл қаншалықты рас немесе дұрыс емес екені бүгінгі ұрпақ еншісіндегі іс

Атажұрттағы ағайындар, соның ішінде Ақмырза әулеті — Құлшығаш руы бірігіп, Ұзын Асан ата кесенесін өз қамқорлығына алғаны бізді қашанда қуантады. Әмір Темір іргетасын қалаған кесененің айналасы абааттандырылып, көптеген тарихи нысандардың бой көтергені игі іс, әрине. Өзбекстан мен Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ұмыт қала жаздаған ата-бабаның жадын тіктеп, оларға құрмет көрсету мақсатында көп игі істер атқарылды, әлі жалғасын табуда. Өскемен ұрпақтың, ел ертенін қолға алар жастардың санасына осындай адамилық қасиеттерді бейнелейтін игі істерді сiңiруде нақты iс-шаралардың атқарылуы зор ықпалын тигізеді.

Рүстем ТӨЛЕНОВ,
Ташкент облысы.

Нұрлы жол

Баспа - полиграфия, ксеро - копирование

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан
Республикасы Олий Мажлисі Сенатының
Кеңесі және Өзбекстан Республикасы
Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3697

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды.

Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғарысымен сөйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

9 772010 634001

Кезекші редактор:
Жаннат
МОЛДАШЕВА

Беттеуші-дизайнер:
Қайсар
РАХМАНОВ

nurljol2022@umail.uz

Мекенжайымыз:
Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі,
30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак.
Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның
компьютер орталығында теріліп, беттелді.

*“Шарқ” баспа-полиграфия
акционерлік компаниясының
баспаханасында басылды.*
Кәсіпорынның мекенжайы:
“Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 1026.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 02.30
1 2 3 4 5 6